

А.Б. Қалыш^{1*}, Е.К. Рахимов²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық зерттеушілік университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Қазақстан, Астана қ.

*e-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

ҚАЗАҚТЫҢ ТУЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОТБАСЫ-НЕКЕЛІК ҚАТЫНАСТАРЫ (ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Бұл мақалада авторлар Ақкөл-Жайылма өңіріне жасаған этнографиялық экспедиция материалдары бойынша Павлодар өңірі қазақтарының туыстық жүйесі мен отбасылық-неке қатынастарының ерекшеліктерін ашып көрсетеді. 2004-2015 жылдары осы өңірге кешенді этнографиялық-археологиялық зерттеулер жүргізіліп, қазіргі қазақ ауылындағы этнотрансформациялық үдерістер сипаты, оның салдары, көрінісі жөнінде біраз материал жинақталды. Әулиелі Ақкөл (Ақкөл-Жайылма) – Ұлы Даланың көшпелілері тарихы мен мәдениетінің көне заманнан орталығы болып келген аймақ. Шідерті мен Өлеңті өзендерінің арасында орналасқан бұл этнографиялық және археологиялық бірегей аймақ ежелден Ұлы даланың маңызды орталықтарының бірі болып келеді. Ежелгі және ортағасырлық тарихи деректер мен жазбаларда осы аймақ жөнінде мәліметтер кездеседі. Соларды зерттей келе, білгеніміз, Ақкөл-Жайылманың қазақ тарихында алатын орны Баянаул, Қарқаралы, Ұлытау секілді тарихи-мәдени орталықтардан кем емес.

Зерттеудің мақсаты – жинақталған далалық материалдар негізінде жергілікті қазақтардың туыстық жүйесі және отбасы-некелік қатынастарының ерекшеліктерін ашып көрсету. Бұл үшін этнологиялық зерттеу әдістері, соның ішінде байқау, әңгімелесу, талдау қолданылды. Жалпы зерттеу отбасы-некелік этнология саласы шеңберінде жүргізілді. Түйгеніміз, аталған өңірдегі дәстүрлі отбасылық қатынастар мен заманның жаңашылдығы ұштасып тұр. Көптеген салт-дәстүрлер сақталып келеді. Зерттеудің алғашқы нәтижелерін қазіргі уақытта мемлекеттің отбасы тәрбиесі мен демографиялық саясатты анықтауда пайдалануға болады, яғни тиісті мекемелер үшін нұсқаулықтар құрастыруға жарамды.

Түйін сөздер: туыстық жүйе, отбасы-некелік қатынастар, этномәдени үдерістер, Павлодар облысы, Ақкөл-Жайылма, дәстүрлер, далалық этнография.

A.B. Kalysh^{1*}, Y.K. Rakhimov²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²The National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana

*e-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

The system of kinship and family - marriage relations of the kazakh (by the materials of the Pavlodar region)

In the article, the author examines the features of the system of kinship and family-marriage relations of the Kazakhs of the Pavlodar region based on the materials of ethnographic expeditions to the Akkol-Zhaiylma region. Here, in 2004-2015, complex ethnographic and archaeological studies were carried out, material was collected about ethno-transformational processes in the modern Kazakh village, about their consequences. Sacred Akkol (Akkol-Zhaiylma) is a fertile land located in the central part of Saryarka. This region, unique in ethnographic and archaeological terms, is located between the Shiderti and Olenti rivers. Since ancient times, it has been one of the important centers of the Great Steppe. Some information about this region can be found in ancient and medieval genealogical and historical records. Having studied them, we realized that Akkol-Zhaiylma occupies no less place in Kazakh history than such historical centers as Bayanaul, Karkaraly, Ulytau.

The purpose of the study is to identify the features of the system of kinship and family and marriage relations of local Kazakhs based on the collected field materials. For this, ethnological research methods were used, including observation, conversation, and analysis. The study was conducted in the field of family and marriage ethnology. We realized that traditional family relations in this region are combined with the innovations of the time. Many traditions are preserved. The first results of the study can be used in determining the state family and demographic policy, that is, they are suitable for developing methodological recommendations for the relevant institutions.

Key words: kinship system, family and marriage relations, ethnocultural processes, Pavlodar region, Akkol-Zhaiylma, traditions, field ethnography.

А.Б. Қалыш^{1*}, Е.К. Рахимов²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Национальный музей Республики Казахстан, г. Астана

*e-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

Система родства и семейно-брачные отношения казахов (по материалам Павлодарской области)

В статье авторы рассматривают особенности системы родства и семейно-брачных отношений казахов Павлодарской области по материалам этнографических экспедиций в регион Акколь-Жайылма. Здесь в 2004-2015 годах были проведены комплексные этнографо-археологические исследования, собраны материалы об этнотрансформационных процессах в современном казахском селе, об их последствиях. Священный Акколь (Акколь-Жайылма) – благодатный край, расположенный в центральной части Сарыарки. Этот уникальный в этнографическом и археологическом плане регион находится между реками Шидерти и Оленти. С древних времен он был одним из важных центров Великой Степи. Некоторую информацию об этом регионе можно найти в древних и средневековых генеалогических и исторических записях. Изучив их, мы поняли, что Акколь-Жайылма в казахской истории занимает не меньшее место, чем такие исторические центры, как Баянаул, Каркаралы, Улытау.

Цель исследования – выявить особенности системы родства и семейно-брачных отношений местных казахов на основе собранных полевых материалов. Для этого использовались этнологические методы исследования, в том числе наблюдение, беседа, анализ. Исследование проводилось в области семейно-брачной этнологии. Мы поняли, что традиционные семейные отношения в указанном регионе сочетаются с инновациями времени. Сохраняются многие традиции. Первые результаты исследования могут быть использованы при определении государственной семейной и демографической политики, то есть пригодны для разработки методических рекомендаций для соответствующих учреждений.

Ключевые слова: система родства, семейно-брачные отношения, этнокультурные процессы, Павлодарская область, Акколь-Жайылма, традиции, полевая этнография.

Кіріспе

Аққол-Жайылма өңірі Сарыарқаның солтүстік-шығысында орналасқан Өлеңті және Шидерті өзендерінің аралығындағы тарихи-географиялық алқап. Жалпы айтқанда бұл Павлодар облысының екі ауданының аумағы (Екібастұз қаласының селолық территориясы және Ақтоғай ауданы). Аққол-Жайылма өңіріне енетін жерлер: Өлеңті мен Шидертінің төменгі ағыс алқабы, Әулие көлдің өзі, одан төмен түсетін Дуана өзені, одан әрі орналасқан далалық көлдер жүйесі – Бәсентейін, Қылды көл, Сасық көл, Өмірзақ, Бозайғыр, Ашыкөл, Көктөбе, Тоққылы көлдері.

2004 жылдан бастап Аққол-Жайылма өңірінде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Х. Арғынбаев атындағы этно-элеметтік зерттеулердің ғылыми орталығы кешенді жұмыстарын жүргізді. 2007-2015 жылдары бұл іске Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі және Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты қосылып зерттеу жұмыстары ерек-

ше қарқын алды. Экспедицияның міндеті – Аққол-Жайылма өңірінің қазақ тарихында алатын орнын анықтау, мәдени этнографиялық ескерткіштерін сипаттап есепке алу, жергілікті халық арасында сақталып келген қазақи салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерттеу болды.

Көшпелі мал шаруашылығының, егіншіліктің, балық аулау мен қолөнердің өзіндік симбиозына негізделген бұл өңірде ерте заманнан өз ерекшелігі сақталған шаруашылық және мәдени жүйе қалыптасты. Аққол-Жайылмада белсенді экономикалық өмір кешегі кеңестік кезеңде де тоқтаған жоқ. Өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан, мұнда көлдер жүйесінің айналасында орналасқан бірнеше шағын қазақ ауылдары сақталған.

Зерттелген аймақтың шаруашылық және мәдени дәстүрлерінің іргелі ерекшеліктері мекендеу ортасымен анықталады. Барлық жағынан Аққол-Жайылманы жергілікті кешеннің бір түрі деуге болады. Зерттеушілер осы аймақтың дәстүрлі экономикалық және мәдени құндылықтарын, оның ішінде бүгінгі күнге дейін

сақталып келе жатқан шаруашылық және мәдени ерекшеліктерін ескеріп «жергілікті этномәдени кешен» деп атағаны белгілі («Ақкөл-Жайылма» локалды, 2008: 52).

Зерттеу әдістері

Ұсынылып отырған мақаламызда біз Павлодар облысы қазақтарының туыстық жүйе және отбасы-некелік қатынастардың ерекшеліктеріне көңіл аудармақпыз. Зерттеу нысаны ретінде Ақкөл-Жайылма қазақтарының тұрмыс-тіршілігі алынды. Біздің зерттеуіміз отбасы-некелік этнология саласы шеңберінде жүргізілгендіктен, этнологиялық зерттеу әдістері, соның ішінде байқау, әңгімелесу, талдау қолданылды.

Әлем этностары сияқты, қазақ халқының да отбасы-неке қатынастардың тарихы мен мәдениеті бар. Адам баласынан көне заманнан өткен алуан түрлі элеуметтік-экономикалық формациялардың қайсы болмасын, әр қилы отбасы түрімен жақын байланысты болған. Отбасы тарихындағы түрлі неке формалары қазақтардың бабаларына тән еді. Төңкеріске дейінгі қазақтарға тән отбасы түрінегізінен ата-ана және үйлі болмаған балалардан тұратын дара, яғни кіші отбасы болатын. Бірақ Ақкөл – Жайылма аймағының ауылдарында мұндай отбасы түрі сирек кездеседі. Бұл ауылдарда көбінесе үлкен патриархалды отбасы түрі кездеседі. Мысалы, Ақкөл ауылында тұратын Майдаш Мейрамқызында сегіз баласы бар, ал Шұға ауылының тұрғыны Қыздарбек Әміренов атаның 8 баласы бар (Ақкөл-Жайылма, 2007).

Қазіргі қазақ отбасының түрлері ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерге негізделеді. Майда нуклеарды отбасылар, ұлғая келе үлкен отбасыларға айналады. Өз кезегінде өздерінің шегіне жетіп, жіктеліп, кіші нуклеарды отбасыларға бөлінеді. Осыдан отбасы түрі өзгергелі болып келеді. Солай кіші және үлкен отбасы бірін-бірі толықтыра ғана қоймай, бір уақытта, бір ортада тіршілік жасайды (Қалыш, 2013: 28-29).

Үлкен патриархалды семьяда әкенің құқығы шексіз болған. Ол қайтыс болған соң орнына отағасы болған үлкен баланың үкімдері отбасы мүшелері үшін заң секілді болды. Шаруашылығы бөлек болғанымен, түгел балалары әкесімен кеңесіп, көп жағдайда оның айтқанын екі қылмай, қыстағы жеке болғанымен, өз алдына жеке дара ауыл қатарына қосылмаған жақындары көктемде бір жайлауға жиналып

отырған. Бірақ қотандас болмай, жеке-жеке жерде отыратын, кей жағдайда тіпті мал суару құдықтары бөлек болды.

Осы жағдайда көп жағдайда «үлкен ошақ» деп аталатын атасының не әкелерінің үйінде түскі асты бір үйге жиналып ішетін. Кейде қымызды сабауға да сол үйде жиналған. Үлкен үйдің шаруасына бөлініп кеткен ұрпақтары әрқашан жәрдем берумен бірге, қажет болған жағдайда жас отбасы үйлеріне ата шаңырағынан берілетін жәрдем те кем болмайтын. Тіпті әр түрлі жағдайға байланысты, мал-мүлкінен айырылған үйлерге әкесі жағынан тағы бір рет енші бөлу секілді оқиғалар да кездесіп тұрған. Үлкен отаудың жұмысын әрбір шаңырақ иелері өзіндей есептеп, ол үйден көмек дәм ететін, ал жетпесе алып тұрды. Ең кіші ұл, халықтық дәстүр бойынша, әкенің мирасқоры ретінде одан бөлініп шықпайтын, үлкен үйдің мал-мүлкіне ие боп қалатын.

Осы мәселеге қатысты белгілі этнограф-ғалым Ә. Төлеубаев: «...қазақтардың сенімі бойынша өлген адам белгілі уақытқа дейін тірілермен байланыста болады, олардан өзіне ерекше назар аударуды қажет етеді деп сенген. Егер тірілер әруақтың алдындағы өз міндетін орындамаса онда артындағы ұрпақтарына үлкен сын, қатере болады деп есептеген», – деп жазған өзінің еңбегінде (Төлеубаев, 2013; 303).

Әдетте ата үйі «қара шаңырақ», «үлкен шаңырақ» деп аталған. Әкесі дүние салған соң, кіші ұлына немесе басқа балаларына ауысса да, «қара шаңырақ» сол қалпында сақталып, атасынан тараған барша балалары мен немерелері үшін қадірлі, киелі үй болып қала берген. Қара шаңыраққа бүкіл жас отбасылар, ұзатылған қыздар, құда-құдағилар үшін түрлі сыйлықтар, соғым сойғанда сыбағасын үлестіріп беретін. «Үлкен үйді қастерлеу ата-бабалар аруағын қадірлеуімен байланысты сенім-нанымның бір көрінісі болғанымен, бұдан үлкен отбасының ыдырау кезіндегі дара, кіші отбасының арасындағы патриархалдық қатынастардың сілемін сақтай түсу нышанын байқауға әбден болады», – деп атап өткен қазақ өмірінің білгірі Х. Арғынбаев (Арғынбаев, 2005: 77).

Балаларына енші беріп, жеке шығарып салу дәстүрі негізінде олардың жеке отау құруына байланысты болған. Жаңадан келген келін міндетті түрде бір-екі жыл ата-енесімен бірге тұрып, әр нәрсеге үйреніп, енесінің тәрбиесін көріп, өз бетінше үй болып тұруға үйренген соң, жұбайымен бірге өз алдына жеке семья болып

бөлініп шығу құқығына ие болып, өз еншісін иеленген.

Ержетіп үйленген ұлдарға енші үлестіріп, жеке бөлудің әлеуметтік-экономикалық маңызы үлкен болды. Әсіресе, атаның қоғамдық ықпалын жоғарылатуға себебін тигізді. Бұның үстіне қазақ отбасында атаның бірнеше үйленген ұлдары, солардан туған немелерімен бірге үлкен үй қалпында тұра беру көпке созылмаған еді. Өйткені, ең алдымен, ауылдағы түтін саны көбейіп, жаңа шаңырақтарға ие болу үшін шамасы келген әрбір ата-ана үйленген ұлдарын бірінен соң бірін бөлек отау етуді міндет еткен, екіншіден, өзге ауылдан өз отауымен, мал-мүлкімен, киім-кешек, ыдыс-аяқ пен жиһазымен, мінер ат, сауар сиыр және арбасымен түскен келіндер арасындағы кикілжіңдер де үлкен үй бірлігін бұзуға өз әсерін тигізбей қоймаған. Осылайша, үйленген, шаруасын өзін-өзі басқаруға жараған ұлдарды отау иесі ретінде бөліп, күнделікті тіршілік қамына сай құрылған қажеттілік екені түсінікті.

Кей жағдайда, мысалы қайтыс болған әйелінен туған балаларын үй ғылып, енші беріп, бөлектегенде, онымен бірге үйленбеген інілерін бірге шығарып, оларға да енші берген. Қазақ халықтың дәстүрі бойынша, бұл жағдайда еншілес аға-іні деп айтқан. Мұндайда ағасымен еншілес болған інісіне қалыңдық айттырған, қалыңмалды төлеп беру әке мойнында болған. Кей жағдайда қалыңмалды еншісіне қосып та берген, не өздерінде қалдырған. Бұның бәрі тікелей ата еркімен отбасындағы түрлі жағдайға қарай шешімін табатын еді (Артықбаев, 2004: 123).

Үйленбеген ұлына енші үлестіріп, бөлек тұратын үлкен бала қолына жіберудің өзі, жоғарыда айтқандай, екі не көп әйел алған ауқатты шаруалардың, немесе бірінші әйелі дүние салып, екінші әйел алған кездегі жағдай. Себебі, алғашқы әйелден туған үлкен ұлы үй құрып жеке шыққанда, әдетте онымен бірге туған інісін соның қолына шығарып, оған да енші бөлген. Осы ұлдар, ағасының шаруасына көмектесе, тоқалдан туған басқа балалары да әкелеріне жеңілдік туғызатын еді.

Балаға еншісін үлестіріп, бөлек шығарғанда отағасының жақын туыстары шақырылып, сыйлықтарын әкеліп, кішігірім той жасалатын. Қарт адамдар жас семьяға береке, мал мен бастың көп болуын тілеп батасын беріп, ақжол тілеген. Қара шаңырақтан бөлінген жас отбасыға туған-туыстары мүмкіндігіне қарай мүлік қосып бер-

ген, көбінесе мал басын. Бұны қазақ халқында «жылу», «немеурін», «тамыздық» деп түрлі атауымен атаған. Бұл дәстүрдің бұлайша үш түрлі аталуы бертін, берілген жәрдемнің аз-көптігіне қарай қалыптасқан делінеді. Оның ең көбі – «жылу». Осы дәстүрді орындау барысында берілген бүкіл малға жаңа ен салынатын. Сондықтан қазақтың бұл дәстүрі «енші» деп аталған дейді.

Жас отауға берілетін енші мал көлемі әкенің байлығына, отбасыдғы балалар санына байланысты болған. Бөлек шығатын үйдің иелігінде жазғы, қысқы үймен, асырар малы және тағы басқа үй-мүлігімен қамтамасыз етілуі тиіс. Киіз үй мен оның жабдығы көбінесе келіннің жасауымен келетін, ал егер келмесе әкесі отау көтеріп беруә тиіс еді.

Әке-шеше үйінен бөлініп берілетін еншінің негізгісі үй-жай, қора-қопсы, мал, шабындық болатын. Еншіге салт мінетін ат, жүк артатын көлік, сауын сиыр, сауын би және қой түлектерінен бөлініп беретін. Мұнымен бірге әр атаның шаруашылығы ерекшелігіне, ұлдарына жылқы еншісін бермей, бар жылқыны өз қолында асырап, жас отауға қажет кезінде соятын мал, уақытша мінер ат, көлік сауын бөліп тұруды қалап көретіндір де аз болмады. Бұның себебін осындай отбасында жылқы түлігінің тым шағындығынан деп түсіну керек. Себебі, аз жылқыны әр ұлына бір-бір айғыр үйірінен бөліп бергенмен, оны қысы-жазы бөлек бағу мүмкін емес, кейде бөлек болғаның зиянынан басқа пайдасы болмады.

Қазақты жылқының жорасы бойынша балаға енші беру заңды түрде орындалып отырса, әке мүлкінен үлес алу ұзатылған қыздың да сыбағасы болып табылған. Дәстүрде бұны «төркіндеу» деп атаған. Шағын дәулетті адамдар шамасына қарай ұлдары мен қыздарының енші-сыбағасын, қалыңмал жасауға шығатын шығынды жан-жақты есептеп, алдын ала бөліп қоятын еді.

Қазақ қауымының көп ғасырлық әлеуметтік және экономикалық дамуының нәтижесінде, жеке меншіктің маңыздылығының артуымен, қоғамдық жіктелудің айқындалуына қатысты үлкен отбасының сыр-сипатына өзгерістер енген. Енді оның орнына дара, шағын отбасы пайда болған. Бірақ бұдан үлкен отбасы сол уақыттан бастап жойылып кетті деген түсінік қалыптаспауы қате болар. Мысалы, біз зерттеген Қаражар ауылында Тәшімов Кәкен атаның екі баласы ғана бар – ұлы мен қызы. Бұны біз шағын отбасы дейміз (Аққөл-Жайылма, 2007: 52).

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Нақты зерттеу нысанымызға келгенде, айтарымыз, қазақ қоғамының ішкі әлеуметтік ерекшеліктері, ортақ заңдылықтары алдымен отбасыда, қауым ішінде қалыптасып қалатыны баршаға мәлім. Қазақ халқының тіршілігіне қарай қауым мен отбасының ортақ үлгісі болуы мүмкін бе? – деген сауал ойға келеді. Себебі қазақ ортасы бір тұтас болғанымен оның құрамдас бөлшектері түрлі. Біз бұл жерде қазақтың түрлі рулардан құралғандығын емес, этноәлеуметтік құрамындағы әр түрлі әлеуметтік топтарды (шаңырақтарды) айтамыз. Мәселен, Қаражар ауылында 30-40 қожалық бар. Солардың иелері бір-біріне туысқан болып келеді.

Ауылдарды елдің жасы үлкен, көргені көп ақсақалдары басқарады. Ақсақал басқарған қандас туысқандардың ең төменгі әлеуметтік ұжымы – ата баласы. Ақсақал атану көп жағдайда тек жасқа қарамайды, елге қадірлі, шаруаның тетігін білген, көпке ақылшы бола алатын адам осы атаққа лайық. Қазақ «көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра» дегенде ең алдымен әлеумет пайдасын шешер адамның қабілетіне ден қойғаны. Мысалға, Қаражар ауылының ақсақалы – Ташимов Кәкен, руы – қозған, Көксиыр ауылында – Мурзалимов Қабаш, 1949 жылғы, руы – керей, Ақкөл ауылында – Ашим Арынбеков, 1926 жылғы, руы – қозған, Зеленая Роща ауылының ақсақалы – Жылкелді Жақия, 1925 жылғы, руы – арғын (1-сур.).



1-сурет. Кәкен Ташимов. Қаражар ауылының ақсақалы

Ресейдің зерттеуші шенеунігі О.А. Игельстром «қазақтардың ақсақалдарын өте сыйлайтыны белгілі, олар әр шаруаның ақылшысы, жетекшісі, бір сөзбен айтқанда елді шын басқаратын солар. Қара халық толық сеніммен, еш күдіксіз бар істің шешуін соларға салады» десе (Қазақ халқының, 2004:123), А.И. Левшин бұл пікірді қостай келе «Жақсылыққа ырза болу және ақсақалдарына деген құрмет бұл халықтың мінезінің ең жақсы қыры, сірә, адамгершіліктерінің көрінетін жалғыз тұсы. Тек

осы қасиетінен ғана оның жүрегіндегі азаматтық ұшқынын көресің» дейді (Левшин, 1996: 202).

Қазақтарда туыстық тек ер адамдармен шектелмеген. Мысалы, қыздардың балалары – жиендер мен нағашылар арасындағы қарым-қатынас ерекше назар аударуды қажет етеді. «Нағашысының үйіне жиен батыл келеді» демекші, халық дәстүрі бойынша нағашы ағасы жиеніне «қырық серкеш беру» керек. Жиен қалағанын алады: ат, қыран, сұңқар, тазы, мылтық, т.б. Нағашысы ондай өнімді

бермесе де, жиені сұрамай алады, ал жиеннен ақы алынбайды. Жиеннің еркелігіне қарамай, нағашы ағалары оны үнемі бағып, қамқорлыққа алады. Сондықтан да халық даналығында ердің үш жұрты болады: «Өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – сыншыл, ал нағыз қалтқысыз тілеуқорың нағашы жұртың». Жиенді өз баладай құрметтеу – қазақ халқының дәстүрі (Алтынбай, 2004: 58). Бұны көптеген этностарда ерте заманнан бері сақталып келе жатқан авункулат дәстүрдің көрінісі деп білеміз.

Ауыл мен ауылдың арасында, ерлі-зайыптылар арасындағы құдандалық қарым-қатынас бар. Қазақстанда қайын жұрт күйеуін сыйлауға тырысады. Әйеліне жақсы, өнегелі еркектер қайын жұртына құрметті, ерке болып көрінеді. Қайын жұрттың әр шаңырағы, күйеудің сыбағасы деп, әрдайым төс сақтаған. Күйеуі тартылған төсті алып, отырғандармен бөлісті.

Қазақ елінде бірге өскен құрдастардың қарым-қатынасы да қызық жағдай. Құрдастардың бір-бірімен қалжыңдасу дәстүрі бар. Мәселен, Ақкөл ауылына барған кезде құрдас екі келіншек әзілдесті. Олар бір-бірінің руын атап, бірі - наймандар жаулап алды, екіншісі – таза қазақ емес деп бір-біріне қалжың айтты. Сол кезде достарының бірін-біріне әйелін «өз әйелім», ал баласын «өз балам» деп әзілдеп айтыпты. Мұндай әзілдерді олардың әйелдері, күйеулері, тіпті балалары да түсінетін. Ешқандай ауыр әзілге ренжімейді, шешендік әдіске сүйеніп, қалжыңдап жауап беруге дағдыланған.

Осыған орай қазақта «Әкесі құрдастың баласы да құрдас» деген ұғым бар. Мұндай әзілдер тіпті бірге өскен, бір-бірімен дос болған жақсы құрдастар арасында да болады. Бұл, әрине, күтпеген жерден кездескен құрдастар арасында достық әзіл-қалжың болмайды деген ойды тудырмауы керек. Қарамастан, құрдастар еркін, бауырмал, бір-бірімен және әйелдерімен еш қысымсыз қалжыңдасады. Зерттеушілердің пікірінше, кейбір құрдастар арасындағы қарым-қатынас олардың жақындығына қарамастан достыққа айналып, бір-бірін өле-өлгенше құрметтеген (Артықбаев, 2004: 169).

Әлемнің этноста отбасы құрған соң, балалы болуды арман етеді. Қазақтар да ұлын үйлендіріп, қызын ұзатқан соң, олардың ендігі тілейтіні олардың балалы болуы. Жаңа отбасы құрған

жастар бастапқыда бала көтеру мәселесіне онша мән бермеген. Дегенмен, жас келіннің аяқ басқаны, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы тәжірибелі ененің көз қиығынан қалыс қалмайтын еді.

Жас келіннің бойына бала біткенін сезген енесі оны өз қамқорлығына алып, оны пәле-жаладан сақтап, ауылдағы құрбылар, көрші әйелдерді шақырып «құрсақ» тойын өткізген. Бұны кейде «құрсақ шашу» деп те атаған. Осыған жиналған ауылдас әйелдер сый-шашуларын әкеліп, келіннің үстіне шашып жатқан. Өмірлік тәжірибесі мол әжелер жас келінге ақылдарын айтып, екіқабат кездегі әр түрлі құбылыстарға шыдамдылықпен қарауға үйретеді. Әрине, қазіргі кезде бұл той түрі сирек өткізіледі. Мәселен, Ақкөл ауылының тұрғындарынан сұрағанда мұндай тойлар қазір өткізілмейді деп жауап берді (Ақкөл-Жайылма, 2007).

Босанған әйел әбден көтеріліп кеткенше кіндік шешесі сол үйдің шаруасын істеп, ана мен балаға қарайтын. Бір апта шамасында босанған әйел көтеріліп, шаруасына жараған соң кіндік шеше балаға иткөйлек тігіп әкелген, кіндік ал баласының ата-анасынан көйлек киеді. Біраз уақыт өтен соң, бала жүруге жарап қалғанда кіндік шешесі бір қойын сойып, көйлегін алып, құттықтап келген. Оған кіндік баласының ата-анасы қалағанын беруге міндет болды. Мұны қазақта «қалау» дәстүрі деген. Әдетте, кіндік шешенің қалаған малын не дүниесін екі қылмай берген. Кей жағдайда қалау ғұрпын баланың 1 жасқа толуын күтпей-ақ жасай берді.

Иткөйлек жұмсақ ситцадан, не жұқа ақ бәтестен жеңімен бойын тұтас пішіп, жағасын ойып алатын да, шет-шетін бүкпей, екі жанын қолмен тепшіп, жас баланың нәзік етіне тігістің батпау жағын қарастыратып тігетін. Иткөйлектің етегін бүкпеу әдеті баланың жақсы өсіп, жасының ұзақ болуын тілеген ырымға байланысты. Әдетте иткөйлекті баланы қырқынан шығарғанша кигізген. Мысалы, Ақкөл – Жайылма ауылдарын аралағанда иткөйлек туралы сұрағанда әжелер қазіргі кездегі киімді балаға кигізетін деп айтты. Ал Мәдаш Мейрамқызы (2-сур.) әже былай деді: «жаңа туған балаға міндетті түрде иткөйлек кигіздіреміз. Иткөйлектің түймесі жоқ. Оны балаға басынан кигіздіреді. Иткөйлек үйде қалады, және баладан балаға, немесе немерелерге еншіленеді» (Ақкөл-Жайылма, 2007: 52).



2-сурет. Мәдаш Мейрамкызы. Ақкөл ауылының тұрғыны

Кіндік қаны тамған баланы қырық жасқа дейін күнде тұзды суға шомылдырып, денесіне қойдың құйрық майын жағып, аяқ-қолын әрлі-берлі созғылап отырған. Көпшіліктің мәліметінше, тұзды суға шомылған балада түрлі жаралар мен қышыма болмайды. Ғылыми тұрғыдан алғанда, нәресте етін ширату үшін тұзды суды мөлшерде еріту пайдалы. Оған қоса, көп ғасырлық тәжірибенің арқасында жас баланың денесін маймен ысқылап, аяқ-қолын созу жаттығудың бір түрі болып табылады. Бұл баланың жауырыны жабыспау үшін қажет шара екенін қазақ білген. Заманауи медицина мұндай массаждың қажеттілігін және тұзды ванналардың пайдалылығын дәлелдейді.

Бір аптаның ішінде сәбидің кіндігі түсіп, кіндік жарасы жазылып, бесікке бөледі. Ол үшін ауылдың үлкен әжелері шақырылып, «бесікке салар» ырымын жасайды. Шақырылған әйелдер шашуларын әкеліп, қуанышпен бөліседі. Жиналған әйелдердің ішінде жасы үлкен, мінез-құлқы мен іс-әрекеті жетілген, көп балалы бір әже сәбиді бесікке бөледі. Бесіктің барлық

жабдықтарын орнатып, жасағаннан кейін бесікке салушы әйел бір уыс құрт, сары май, бауырсақ, кәмпит және шашу үшін әкелген күміс ақшаны алып, түбек жатқан шұңқырға өткізіп, бесік астында қолын тосып тұрған әйелдерге ұсынады. Кейінірек бұлар балаларға, отырған әйелдерге және басқа қонақтарға таратылады.

Бұл шашу дәстүрінің өзіндік ерекшелігі бар. Балалы болғысы келетін жас келіншектер, әлі бала көтермеген әйелдер мұны ырым етіп, үлкен сеніммен шашудан татады. Шашу таратылып болған соң бесіктің түбегін орнатып, сіріңке соғып, бесікті отпен аластаған. Жетекші әйел: «Бисмилләһ» деп қасындағы әйелдің көмегімен баланы бесіктің оң жағына жатқызып бөлейді (Төлеубаев, 2013: 25).

Бөлінген бесіктегі баланы жеті затпен жапқан. Әрбір қоршау элементінің өзіндік құндылығы бар. Мысалы, бірінші орында бесік көрпе, одан кейін шапан, сосын кебенек, тон, жүген, қамшы. Бізге ақпарат берушілердің айтуынша, тон, шапан жабу – баланың елшіл, халықшыл болуының тілегі, жүген – тез есейіп,

ат үстінде ойнақ салсын, кебенек пен қамшы – ел қорғайтын ер болсын деген тілекті аңғартқан.

Шүмек пен түбек қойылған бесік әрі құрғақ, әрі таза болады. Баланың жақсы ұйықтауына мүмкіндік туғызады. Баланы бөлеген де екі қолы мен денесінің, екі тізесінің аралығына жұмсақ шүберек не арнаулы құс жастықшылар қою әдісі бала денесінің терлеп немесе дымдалып қызаруынан сақтайды. Қазақ бесігіне бөленген баланың қол-аяғы қозғалмай бесікке таңылып қойылатындықтан да, дененің бос жатып еркін өсуіне біраз кедергі жасауын еске аламасақ, тазалық жағынан қазақ бесігінің халық шығармасының көшпелілік жағдайындағы үлкен жетістігі деп қарау керек. Бірақ бесіктен шешілген баланың қол-аяғын созғылап, сылап, сипап, майлау шараларын үнемі орындап отыру нәтижесінде баланың денесінің өсуіне, қан жүруіне қазақ бесігі бір жасқа толмай шығармайды (Арғынбаев, 2005: 43).

Қазақ халқы бесікті көпке дейін сақтап, бірден-бірге мұра есебінде қалдыра береді.

Кездейсоқ жағдайға байланысты қирап қалмаса, өздігінен оны сындырып, отқа жағуға болмайды. Ата-бабалары жатқан бесіктерді олардың ұрпағы ырым көріп, ешкімге бермей, көпке дейін сақтайды. Ақпарат беруші Майдаш Мейрамқызы бұны растайды: «Әрбір үйде атадан қалған бесік бар. Оны ешкімге бермейді. Бесіктің саймандарын, бөлшектерін де ешкімге, яғни басқа үйге (бөтен) бермейді. Берілсе, ол жаман ырым. Бесік тек балаларына, немерелеріне мұра етіп қалады».

Ал Шұға ауылының тұрғыны Қыздарбек атаның жұбайы Батима Әміренова әженің айтуынша олар бесікке балаларын салғызған, бірақ балалардан кейін немерелері жатпаған. Ал қазіргі кезде немеренің келіні екіқабат сондықтан олар бесікті алып кетті (Ақкөл-Жайылма, 2007). Сонымен қатар Төртүй ауылының тұрғыны Тусупова Дамет әже балаларын бесікке жатқызған, енді сол бесікке немересін бөлеген (3-4 сур.).



3-сурет. Дамет Тусупова. Ақкөл ауылының тұрғыны, немересімен



4-сурет. Бесікке бөленген сәби. Дәмет әженің немересі

Баланың туғанына қырық күн толысымен, оны қырқынан шығару ырымын жасайды. Ол үшін ауқатты адамдар ауыл-үйдің мосқал әйелдерін шақырып, жиналғандардың ішіндегі өберелі-шөберелі болған кемпірдің біріне қырқынан шығару ырымын істетеді. Баланы қырқынан шығару ырымын өткізгенде оның қарын шашын қалаған адамына алғызады, одан кейін 40 қасық суды үстіне құйып тұрып «30 омыртқаң жылдам – бекісін, 40 қабырғаң жылдам қатсын» деген тілекті айтып, баланы бөлеуге шешесіне береді. Бала шомылдыратын легеннің яки тегештің түбіне 40 құмалақ тас, жүзік сияқты заттар салынып, сақиналарды шомылдырған келіншектер өз-ара бөліседі. Кейбір әжелерге көйлектік маталар сыйлаған. Баланың «қарын шашын» алған еркекке де азын-аулақ сыйлық берген. Қарын шашты шүберекке тұмарша етіп тігіп, баланың киімінің иығына қадап қойған қазақтар ертеде.

Тұсау кесу үшін қойдың ішегін не жіңішке ала жіпті пайдаланады. Тұсау кесу рәсіміне қатысушылар тек қана жеңіл аяқ, жүйрік

адамдар болуы қажет. «Көп жерлерде бала жүруге айналғанда оны кәрі кемпірдің бұтынан өткізетін болған. Осылай етсе, бала бақытты болып, ел басқаруда оған еш нәрсе бөгет болмайды деп ырым еткен», – дейді ақпарат берушілер. Білікті апалардың айтуынша, тұсау жіп орнына көтен ішекті қолдану себебі: бала «малды болып, дастарқаны майлы болсын» деген тілекті білдіреді, ала жіпті қолдану – оның киесіне сыйынып, баланың аяғы шыққан кезде пәле-жаладан сақта деген пиғылды білдіретін көрінеді (Ақкөл-Жайылма, 2007). Шынында да, баланың тұсауын кесуге ала жіп қолдану магиялық діни нанымдарға байланысты оның киелілігіне сенуден шыққан көне әдеттердің бірі.

Тұсау кесу тойына, әдеттегідей басқа да балаға қатысты өткізілген тойларға Ақкөл-Жайылма өңірінде «бала қоржын» әкелген екен. Мысалы, Ақкөл аулының тұрғыны Рыспекова Бақыт өз қолымен сондай қоржындарды тігеді (5-сур.).



5-сурет. Рыспекова Бақыт тіккен «бала қоржындар»

Қоғамдық дамудың түрлі сатысында тұрған отбасылардың өздері бала туу арқылы тұқымын үзбеді көксегендігі дәлелдеуді керек етпейді. Жеке меншіктің шығып, байлықтың жеке отбасылардың қолына шоғырлануы – ғұмыр бойы жиған-терген азды-көпті мүлкі мен малдарын тікелей өз мұрагерлеріне қалдыру мақсатымен де әр отбасында баланың керектігі артты. Әсіресе ер баланың керектігі сонау патриархалды отбасының шығуынан бері, тіпті осы уақытқа дейін мәнін жоймай, атадан балаға беріліп келе жатқан дәстүр.

Сондықтан қай замандағы болсын некелес адамдар бала тууға, оны өсіріп ер жеткізуге зор мән берген. Ең алдымен, әр дәуірдегі отбасы балаларын өмірдегі өз қаракетін, өз тәжірибесін, айнала қоршау, құбылыс туралы өз білгендерін үйретуді парыз санаған. Халықтар арасындағы қарым-қатынастың артуы олардың кең дүние туралы түсінігінің молаюы азаматтардың тек отбасы мақсатымен ғана емес, бүкіл қауым, қоғам алдындағы ардақты міндет – парызының молаюы бала тәрбиесі үшін әр отбасының өз тәжірибесі мен білімінің жеткіліксіздігін түсінудің нәтижесінде баланы әр шаруаға, өнерге, ғылым-былым салаларына, ел қорғау ісіне т.б. толып жатқан өмір қажеттіліктеріне үйрету үшін басқаның көмегін керек етті (Байжанова, 1990:89).

Еліміздің кең байтақ жерін мекен еткен халқымыздың ертедегі некеге тұру және үйлену тойын өткізу жайында көптеген мәліметтер жинақталғаны белгілі. Даланың әр аймағына түскен жиһанкезшілер, зерттеушілер, қызмет бабымен келген шенеуніктер, қазақтың дәстүрлі мәдениеті жөнінде алуан деректер жинап, кейбірін жариялап, кейбірін мұрағатқа тапсырған. Ал біздің зерттеулеріміз Ақкөл-Жайылма өңірін аралап, ақсақалдардан, әжелерден қызықты мәліметтер жинаумен болды. Дегенмен жергілікті халық ішінде қазіргі уақытқа дейін сақталған дәстүрлер, әдет-ғұрыптар жайлы сол деректерге, ақсақалдар мен әжелердің айтқанына, ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйеніп, белгілі бір тұжырымдар жасауға әбден болады.

Қазақтың тағы бір көнеден келе жатқан дәстүр – жастай некелесу. Ертеректе қыздарды 13-14 жасқа толғанда ұзатса, ер балаларды 15-16 балиғат жасында үйлендіре бергені белгілі. Қазақтың түсінгені бойынша, неғұрлым жастарды ертерек үйлі етсе, олар әрбір жағымсыз қылықтардан аулақ болып, ұрпақтары көп, әрі мықты болады деген. Қазақтарда некеге тұрудың бірден-бір жолы – құдаласып, қалыңмалын төлеп үй болу, ал қызға жасауымен тұрмысқа шығу.

Бүкіл қазақ қауымына құда түсу, неке киюға қатысты ортақ дәстүрдің бірі – туыстық

жақындығы жеті атаға толмай қыз алыспау. Бұл дәстүр этнологияда экзогамия деп аталады. Қазақтың жеті атаға толмай қыз алмаудың өзіндік түсінігі бар. Біріншіден, неке кезінде ұрпақтың болмауына немесе аз болуына, тіпті олардың құлдырауына, жақсы қасиеттерінің болмауына туыстық қатынастың әсері ескеріледі. Екіншіден, қандас туыстар арасындағы жыныстық қатынастан азғындықтың көбеюіне алаңдаушылық білдірген. Үшіншіден, халқымыз жеті атадан тараған туыстық қарым-қатынастар жалғаса берсе, жеті атадан асқан құдалармен некелесу арқылы жақындасады, құда-жекжат ынтымағы артады деп сенген.

Әрине, мұндай дәстүрлі жансақтық жоқ. Өйткені алғашқы адамдардың тайпалық топтарындағы жыныстық қатынастың ретсіздігінен пайда болатын қанараласудың биологиялық зияны жүздеген мың жылдар бойы тәжірибе негізінде, әсіресе оқайсыз жағдайда туған ұрпақтың биологиялық кемшілігі негізінде байқалды. Адамдардың бір тотемдік тобының екінші тотемдік топпен жыныстық қатынасыннан туған ұрпақтың күштілігі байқап, жыныстық қатынасқа өз тобының ішінде, кейіннен тайпаның ішінде тыйым салған. Осылайша, рулық экзогамия тәртібі ерте заманда қалыптасқан. Енді ерте адамдар арасындағы жыныстық қатынас топтық некеге негізделген. Экзогамдық тәртіп өте қатаң қарастырылып, оны бұзғандар өлім жазасына кесілді.

Қазақтар балдызға әйелі тірі кезінде үйлене алмаған, бірақ әйелі қайтыс болғанда рұқсат етілетін. Ал туған қайын бикесіне ешқашан үйленбеген. Сондай-ақ жесір қалған әйелге қайын атасына немесе туған қайынының балаларына үйленуге тыйым салынған. Ал қайын атасы інісіне, қайын ағаларына және олардың балаларына шығуға құқылы болды.

Қыз анасының бірге туған ағасы, бауырларына тұрмысқа шықпаған. Алайда олардың балаларына шығуға болды. Тағы бір тыйым жиендердің нағашы апаларына үйленбеуі еді. Ал, олардың және нағашы ағаларының қыздарына үйленуге рұқсат етілді. Мұны қазақ халқы жиендер мен нағашылар арасындағы неке деп атаса, этнологияда кузендік неке деп аталады.

Некениң бұл түрінің екі сипаты болды: кросскузендік неке (шешесінің) аға-інілерінің қыздарына не әкесінің апа-қарындастарының қыздарына үйлену, яғни нағашы мен жиен арасындағы неке; 2) ортокузендік неке (әкесінің) аға-інілерінің қыздарына үйлену, яғни немерелер

арасындағы неке, не шешесінің апа-сіңлілерінің қыздарына үйлену, яғни бөлелер арасындағы неке.

Бірінші түрі, яғни немере арасындағы некеге тұру құқығы қазақтар үшін жат болса, екінші түрі, яғни бөлелер арасындағы неке орын алған. Ертеде бұл екі түрі де қазақтарда болған. Дегенмен, қазақ дәстүрінде жиеннен гөрі нағашы алғанды абзал көрген. Қазақта «жиен алған молықбас, нағашы алған тарықпас» деген мақал бар. Жиендердің нағашысының қыздарына тұрмысқа шығу құқығы немерелерінің тек шешелері шыққан топ пен руды әйелдікке алуы өте ертеден қалыптасқан тәртіппен байланысты екенін түсінеміз.

Екі жақтың да садақасы көп болғандықтан, қазақ ұғымында құдалық неке өте күшті болған. «Төрт аяқтыда – бота, екі аяқтыда бөле тату» деген мәтел осыдан туындаса керек.

Көп жағдайда әменгерлік әдетімен тұрмысқа шыққан әйелдер жаңа күйеуінің екінші немесе үшінші әйелі болды. Олар өз еркімен көндірсе де, қиын әлеуметтік және моральдық жағдайдың күшіне, тынымсыз үгіт-насихат пен алдаудың ықпалына көніп отырды. Біреулер бала-шағасын қимай, енді біреулері мал-мүлкін, жерін қимай немесе басқа амал таппай, көз жасына еріп, күндесінің күні болуға өз тағдырын душар ететін (Арғынбаев, 2005: 61).

Ақкөл-Жайылма өңірін аралағанда Қаражар ауылында әменгерлік болған екен. Қаражар ауылының тұрғыны Тәшімов Кәкен атаның айтуынша, соңғы рет 1939 жылы Рахмет ата өз келінін алды. Күләй әйелі мен Жаңыл келіні тату-тәтті бірге тұрды екен (Ақкөл-Жайылма, 2007: 52).

Қорытынды

Жалпы Ақкөл-Жайылма қазақтарынан жиналынған мәліметтерді саралап, ретке келтіріп, қорытындылайтын болсақ бұл киелі өлкеде қазақтардың салт-дәстүрлері, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, мал шаруашылығы, қолөнер т.б. жақсы сақталып, өзгеріске көп ұшырамай қазіргі күнге дейін жеткен. Сондай-ақ бүгін де кең қолданылуда.

Ақкөл-Жайылма өңірінің қаймағы бұзылмаған деп айтуға болады. Бұндай болудың көптеген себептері бар. Айталық, бұл өлке қалалық жерлерден алыс орналасқан, Екібастұз, Павлодар қаласынан тіпті алшақ орналасқан. Сондықтан қала тіршілігінің ықпалы, әсері аз көрінеді.

Сондай-ақ Ақкөл – Жайылманың жергілікті халқы түгелдей қазақтар. Кейбір ауылдарда ғана бірен-сараң басқа этнос өкілдері кездеседі. Осының бәрі халықтың білімдерде басқа халықтардың білімдерінің әсерінің, ықпалының болмауына оң әсер етті. Қожалар істерінің, ауыл

ақсақалдарының, қадірлі бәйбіше-әжелердің қоғамдық маңызы өте зор. Олар жастарды имандылықта тәрбиелеп, салт-дәстүрді, тарихты ата-бабаларды құрметтеу, сыйлау деген сезімдерін күшейтеді. Мысалы, Жуманова Бақытжан үйінде 10 жасар немересі тәрбиеленіп келеді (6-сур.).



6-сурет. Жуманова Бақытжан немересімен. Ақкөл ауылы

Қазақтың отбасы қатынастары және неке дәстүрлері Ақкөл-Жайылма өңірінде біршама жақсы деңгейде сақталған. Ауылдың ақсақалдарынан

жастар ақыл сұрап, оларды құрметтейді. Өте қазақи және қонақжайлылығы мол өңір. Бір өкініштісі, қазіргі уақытта жастар ауылдан кетіп жатыр.

Әдебиеттер

Ақкөл-Жайылма-2007-2015. Кешенді этнографиялық экспедицияның материалдары: авторлардың ел арасында жинаған мәліметтері. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2007. – 128 б.

«Ақкөл-Жайылма» локалды этномәдени кешен. /Құраст.: Нурахметова Г.Б., Рахимов Е.К. – Павлодар: Алтын кітап, 2008. – 235 с.

Алтынбай Ш.А. Отбасында ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттырудың педагогикалық шарттары. – Алматы: Білім, 2004. – 200 б.

Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар, 2005. – 215 б.

Артықбаев Ж. Этнология и этнография. – Астана: Фолиант, 2001. – 304 с.

Байжанова Ж. Семья бақыты. – Алматы: Қайнар, 1990. – 236 б.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Көшпенділер, 2004. – 356 б.

Қазақи неке: салт-дәстүр жөніндегі жазбалар. – Алматы: Жалын, 1994. – 62 б.

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 375 с.

Қалыш А. Б. Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі этникалық және этномәдени процестер. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 255 б.

Қалыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 464 с.
Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. /Жауапты ред Б.К. Қалшабаева; құраст. М.А.Төлеубаева, Р.С. Жұматаев. – Алматы: Service Press, 2013. – 494 б.

References

- Akkol-Zhajylma – 2007-2015 (2015). Keshendi etnografialyq ekspedisiyanyn materialdary: avtorlardın el arasında jinagan malimetteri. [Akkol-Zhajylma-2007. Materials of the comprehensive ethnographic expedition]. - Pavlodar: S.Toraigrov at. PMU, 128 b.
- «Akkol-Zhajylma» lokaldy etnomadeni keshen [Local ethno-cultural complex «Akkol-Zhajylma»]. /Kurast.: Nurakhmetova G.B., Rakhimov E.K. – Pavlodar: Altyn kitap, 2008. - 235 s.
- Altynbai Sh.A. (2004). Otbasında ata-ananyń balaga tarbielik yqpalyn arttyrudyn pedagogikalyq sharttary [Pedagogical conditions for increasing the educational influence of parents on children in the family]. - Almaty: Bilim, 2004. 200 b.
- Argynbaev H. (2005). Qazaqtynotbasylyq dasturleri [Kazakh family traditions]. - Almaty: Qainar, 215 b.
- Artykbaev J. (2001) Etnologiya ı etnografia [Ethnology and ethnography]. - Astana: Foliant, 2001. 304 b.
- Baijanova J. (1990) Semya baqyty [Family happiness]. - Almaty: Qainar, 1990. 236 b.
- Qazaq halqynyn salt-dasturleri (2004). [Traditions of the Kazakh people]. - Almaty: Kóshpendiler, 356 b.
- Qazaqı neke: salt-dastur jonindegi jazbalar (1994). [Kazakh marriage: notes on traditions]. - Almaty: Jalyn, 1994. 62 b.
- Levshin A. (1996). Opisanie kirgız-kazachih ılı kirgız-kaisaskih ord ı stepei [Description of Kyrgyz-Cossack or Kyrgyz-Kaysak hordes and steppes]. - Almaty: Sanat, 1996. 375 s.
- Kalysh A.B. (2007). Etnicheskiye i etnokul'turnyye protsessy v Kazakhstane v sovremennyy period [Ethnic and ethno-cultural processes in Kazakhstan in the modern period]. – Almaty: Kazakhskiy universitet, 2007. 174 s.
- Kalysh A.B. (2013). Sem'ya i brak v sovremennom Kazakhstane [Family and marriage in modern Kazakhstan]. – Almaty: Arys', 2013. 464 s.
- Toleubaev A.T. (2013) Kazak khalky etnografiyasynyn maseleleri [Problems of ethnography of the Kazakh people]. /Zhauapty red. B.K. Kalshabaeva; kurast. M.A.Toleubaeva, R.S. Zhumataev. - Almaty: Service Press, 2013. - 494 b.